

- ІРІКТЕУ
- ДАМУ
- КӨШБАСШЫЛЫҚ

ЕСЕПТЕР

ҚАУІПСІЗДІК

ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗ ІС-ӘРЕКЕТ

үшін есеп Sam Poole

ID: HC560419

Күні 12,00,2019





КІРІСПЕ

Жыл сайын жұмыс орындарда болатын жазатайым оқиғалар әлем бойынша көптеген адам шығынына және жарақаттануларға әкеп соқтырады. Бұл медициналық сақтандырулар бойынша миллиардтаған төлемдер мен апаттардың салдарларын қалпына келтіру үшін орасан шығындарға әкеледі. Ногап компаниясының зерттеулері апаттардың және оған қатысты жұмыс орындарындағы зардап шегулер мен жарақаттануларды ішінара, тіпті толығымен алдын-алуға болатынын көрсетті. Жазатайым оқиғалар адамдардың көбінесе байқаусыз жасаған қауіпті іс-қимыл себебінен орын алады. Қауіпті іс-әрекет әдетте персоналдың тәуекелге жетелейтін іс-қимылды айқын түсінбеуінен болады. Ногап-ның Қауіпсіздік Есептері персоналдың жұмыс орнындағы қауіпсіз іс-әрекеттің маңыздылығын түсінуі үшін және жазатайым оқиғаларға соқтыратын мінез-құлық, әрекетті түзету үшін әзірленген.

Адамдар жұмыс орнындағы қауіпсіздік ережелеріне әр-түрлі себептерге байланысты мән бермейді. Олар қауіпті іс-әрекетті жиі жасаған сайын, жазатайым оқиға тәуекелі жоғарылайды. Ногап компаниясы XX-ғасырдың 70-жылдардан бері жұмыс орнындағы қауіпсіз / қауіпті іс-әрекет бағытында ғылыми зерттеулермен айналысып келеді. Аталған зерттеулер қауіпті іс-әрекеттерді нақты алты категорияға бөлуге болатынын көрсетеді. Зерттеулер сондай-ақ осы категориялардың әрқайсысы бойынша мінез-құлық, әрекетті бағалап, сол бағалау нәтижелерін жұмыс орнында іс-әрекетті болжамдау мақсатында қолдануға болатынын көрсетті.

Барлық жазатайым оқиғаларды алдын-ала болжамдау мүмкін емес. Дегенмен, Ногап-ның Қауіпсіздік Есебі қызметкерлердің қайсысы қауіпсіз іс-әрекет ережелерін елемейтінін дәл болжамдай алады.

Нәтижелері бойынша «қауіпсіз іс-әрекет» зонасындағы кейбір адамдар да апаттар мен жазатайым оқиғаларға себепкер болуы мүмкін екенін атап өту қажет, өйткені статистика бойынша ондай айрықша жағдаяттар кездеседі. Сол сияқты, тәуекел зонасындағы адамдар да әрдайым қауіпті жағдаяттарға себепкер болмайды. Дегенмен олар (қауіпсіз емес қызметкерлер) қауіпті іс-әрекетке бейім болуына байланысты тәуекел тобында кіреді. Тәуекел жоғары болған сайын — жазатайым оқиға орын алу ықтималдылығы да жоғары.

Басқару позициясындағы, мысалы сауда-саттық саласындағы, адамдардың Қауіпсіздік Есебі бойынша төмен баға алуы мүмкін екенін ескерту маңызды, өйткені олардың позициясында жетістікке жету тәуекелді шешімдерді қабылдай алу, бір мезгілде бірнеше тапсырманы орындай алу қабілеттілігіне, нәтижеге қол жеткізу үшін нақты белгіленген ережелерден ауытқи білуіне байланысты.

Бұл Есептің нәтижелерін қауіпсіздік техникасы қызметкерінің бағаларымен байланыстыру міндетті емес. Есептің нәтижелері негізінен қызметкердің қиындық туындататын зоналарын анықтау үшін, жалпы қауіпсіздікті қамсыздандыруда аса мұқият болуын ынталандыруға бағытталған.



Бұл Есеп 3 тараудан тұрады:

- 1-ТАРАУ** Бірінші тарауда қауіпіз іс-әрекет үшін жауапты алты өлшемнің анықтамалары берілген, одан кейін сол өлшемдер бойынша үміткердің нәтижелері графикалық түрде көрсетілген.
- 2-ТАРАУ** Екінші тарауда үміткердің мықты және әлсіз жақтарына қысқаша сипаттама берілген.
- 3-ТАРАУ** Үшінші тарауда барлық алты өлшем нәтижелері негізінде үміткерге берілетін Қорытынды Баға көрсетілген.

**ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗ ІС-ӘРЕКЕТ ҮШІН ЖАУАПТЫ ӨЛШЕМДЕР****ЕРЕЖЕЛЕРДІ
БҰЗАТЫН —
ЕРЕЖЕЛЕРДІ
ҰСТАНАТЫН**

Бұл өлшем адамның белгіленген ережелерді орындап, тәртіпті сақтау қабілеттілігі үшін жауапты. Осы өлшем бойынша нәтижелері төмен үміткерлер ережелерді елемей мүмкін; жоғары нәтижеге жеткендер — мінсіз орындайды.

**ҮРЕЙШІЛ —
БАЙСАЛДЫ**

Бұл өлшем адамның күйзеліспен күресу қабілеттілігі үшінлеттілігі нәтижелері төмен үміткерлер күйзеліске жиірек шалдығады, сол себепті қателіктерге жол беруі мүмкін; жоғары нәтижеге жеткендер жұмыс орнында сабырлық сақтайды.

**АШУШАҢ —
МЕЙІРІМДІ**

Бұл өлшем эмоцияларды басқару қабілеттілігі үшін жауапты. Нәтижелері төмен үміткерлер ашушаң және көңіл-күйі түнерген, сол себепті эмоциялар әсерінен қателіктерге жол беруі мүмкін; жоғары нәтижеге жеткендер сабырлы және өз эмоцияларын басқара біледі.

**АЛАҢАСАР —
ЗЕЙІНДІ**

Бұл өлшем адамның өз зейінін күшейтіп, мұқият болу қабілеттілігі үшін жауапты. Нәтижелері төмен үміткерлер жиі алаңдап, сол себепті олар қателіктерге жол беруі мүмкін; жоғары нәтижеге жеткендер ұзақ уақыт бойы алаңдамай назарын бір тапсырмаға бөле алады.


САНАСЫЗ — САҚ

Бұл өлшем адамның тәуекелге деген көзқарасы үшін жауапты. Нәтижелері төмен үміткерлер қажетсіз тәуекелге баруға бейім; жоғары нәтижеге жеткендер әдетте қажетсіз тәуекелден бас тартады.

**МЕНМЕНСІНГЕН —
ҮЙРЕНУГЕ БЕЙІМ**

Бұл өлшем адамның білім алып жаңа дағдыларды үйренуге деген көзқарасы үшін жауапты. Нәтижелері төмен үміткерлер білімі мен дағдыларын жетілдіру процесін елемей бейім; жоғары нәтижелерге жеткендер жаңаны үйренуге дайын.

Көрсеткіштер процентильдермен есептелінген: мысалы, 85 процентиль адамның нәтижелері баға берілген адамдардың 85%-інен жоғары екенін көрсетеді



2-ТАРАУ. ІС-ӘРЕКЕТ МОДЕЛЬДЕРІНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

МЫҚТЫ ЖАҚТАРЫ

- Ережелерді өзі ұстанып, өзгелерді де ынталандырады
- Өз күшіне сенімді
- Өз эмоцияларын басқара біледі
- Бір мезгілде бірнеше тапсырманы орындай алады
- Сыртқы қоздырғыштарға көңіл аудармайды
- Білім алып жаңа дағдыларды үйренуге дайын

ТӘУЕКЕЛ ЗОНАЛАРЫ

- Жұмысты өздігінен орындай алмайды
- Кінәсін өзгелерге аударуы мүмкін
- Басшылықтың кері байланысын елемейі мүмкін
- Қауіпсіздік мәселелеріне мән бермейді
- Шешімдерді ойланбастан қабылдауы мүмкін
- Өз біліктілігін аса жоғары бағалауы мүмкін